3	Лот 3, учаске №1, Қараой а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	500,0	-	500,0	-	-	11	қамтылмаған
4	Лот 4, учаске №1, Қараой а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	2000,0	-	1986,59	-	13,41	11	қамтылмаған
5	Лот 5, учаске №1, Көптоғай а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	243,0	-	242,25	-	0,75	11	қамтылған
6	Лот 6, учаске №1, Көптоғай а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	50,0	-	11,4	38,5	0,10	11	қамтылмаған
7	Лот 7, учаске №, Көптоғай а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	40,0	-	4,02	35,98	-	11	қамтылмаған
8	Лот 8, учаске №1, Сарбие а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1100,0	-	1096,6	-	3,4	11	қамтылмаған
9	Лот 9, учаске №1, Сарбие а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1500,0	-	1498,1	-	1,9	11	қамтылмаған
10	Лот 10, учаске №1, Сарбие а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1200,0	-	1194,94	-	5,06	11	қамтылған
11	Лот 11, учаске №, Қайынды а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1100,0	-	1085,85	-	14,45	11	қамтылған
12	Лот 12, учаске №1, Қайынды а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1000,0	-	997,6	-	2,4	11	қамтылмаған
13	Лот 13, учаске №1, Қайынды а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1000,0	-	996,67	-	3,33	11	қамтылған

ЕСКЕРТПЕ !!!

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс;

Конкурстық ұсыныста:

- 1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);
- 2) Шаруашылықтілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;
- 3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын өртаратпандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) күеландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды земем.участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				Средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1, участок №1, Уилский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1780,0	-	1778,6	-	1,4	11	не оснащен
2	Лот 2, участок №1, им.Ш.Берсиева с/о	для ведения к/х	10-49 лет	560,0	-	544,42	-	15,58	11	оснащен
3	Лот 3, участок №1, Караойский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	500,0	-	500,0	-	-	11	не оснащен
4	Лот 4, учаске №1, Караойский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	2000,0	-	1986,59	-	13,41	11	не оснащен
5	Лот 5, учаске №1, Коптогайский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	243,0	-	242,25	-	0,75	11	оснащен
6	Лот 6, учаске №1, Коптогайский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	50,0	-	11,4	38,5	0,10	11	не оснащен
7	Лот 7, учаске №1 Коптогайский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	40,0	-	4,02	35,98	-	11	не оснащен
8	Лот 8, участок №1, Сарбиеский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1100,0	-	1096,6	-	3,4	11	не оснащен
9	Лот 9, участок №1, Сарбиеский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1500,0	-	1498,1	-	1,9	11	не оснащен
10	Лот 10, участок №1, Сарбиеский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1200,0	-	1194,94	-	5,06	11	оснащен
11	Лот 11, учаске №1, Каиындинский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1100,0	-	1085,85	-	14,45	11	оснащен
12	Лот 12, учаске №1, Каиындинский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1000,0	-	997,6	-	2,4	11	не оснащен
13	Лот 13, учаске №1, Каиындинский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1000,0	-	996,67	-	3,33	11	оснащен

ПРИМІЧАНИЕ !!!

Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:

- 1) заявка на участие в конкурсе;
- 2) конкурсное предложение;

В конкурсном предложении:

- 1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемое агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);
- 2) разработка и освоение внутрихозяйственного землеустроительного проекта, выполнение мероприятий по развитию инфраструктуры сельского хозяйства;
- 3) обязательства по выполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Предложения представляются в запечатанном конверте, пронумерованым, прошитыми или несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней. Схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений.

Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестірі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1648 дана. Тапсырыс №77
Келемі 1 баспа табак, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-і, ҚР Ауыл шаруашылығы Министрінің 2019 жылғы 06 маусымдағы №228 «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға берілетін субсидияларды алу мақсатында Ойыл ауданына қарасты ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінен 2020 жылдың 20 қаңтарынан бастап өтінімдер қабылда- натынын хабарлайды.

Қосымша ақпаратты мына теле- фон арқылы алуға болады, 8 (71332) 21551, Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69, 2 қабат, 218 кабинет.
Веб-сайт: uil.aktobe.gov.kz/

2021 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Жалпыға бірдей декларацияны 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 1 қаңтарына дейін сатылай енгізуді.

Бірінші сатыда – 2021 жылдың 1 қаңтарынан жалпыға бірдей декларациялау аясында декларацияны ұсынады:

Жауапты мемлекеттік лауазымды тұлғалар, және олардың жұбайлары; Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалар, және олардың жұбайлары;

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар, және олардың жұбайлары;

Екінші сатыда – 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін және олардың жұбайлары, сонымен қатар квазимемлекеттік секторының және олардың жұбайлары үшін декларациялау;

Үшінші сатыда – 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап басшылар және заңды тұлғалардың құрылтайшылары мен олардың жұбайлары үшін декларациялау;

Төртінші сатыда – 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап азаматтардың қалған категорияларын декларациялау.

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

БЮДЖЕТТІК СЫНЫПТАМА КОДЫ БОЙЫНША

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2019 жылғы №1370 «Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығымен жаңа бюджеттік сыныптама коды (бұдан әрі – БСК) 101111 «Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы» бекітілді.

Сондай-ақ, 101110 БСК атауы «Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы» басқа басылымда көрсетілген:

101110 «Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, ірі кәсіпкерлік субъектілерінен - заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы».

Соған байланысты, 2020 жылы 1 қаңтар айынан ірі кәсіпкерлік заңды тұлғалар субъектілері корпоративті табыс салығын 101110 БСК-на, ал **ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалар** 101111 БСК-на төлейді.

Ірі кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы №309 бұйрығымен бекітілді.

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

«СК-ФАРМАЦИЯ» ЖШС СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ҚОЛДАДЫ

2019 жылдың қараша айында дерілік заттар мен медициналық бұйымдардың бірыңғай дистри- бьюторы базасында «СК-Фармация - Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі ашылды.

Жобаның негізгі мақсаты – «СК- Фармация» ЖШС қызметінде пара- саттылық қағидаттары мен ком- плаенс саясатын енгізу.

Жобалық кеңсенің алдына серік- тетік қызметінде қазіргі заманғы цифрлық технологиялар мен сыбай- лас жемқорлықтың алдын алу құрал- дарын енгізу және парасаттылық қағидаттарына негізделген HR-мене- джмент стратегиясын әзірлеу жөнін- дегі міндеттер қойылды.

Денсаулық сақтауды цифрлан- дыру аясында 2018 жылдан бастап дері-дермекпен қамтамасыз ету саласында электрондық сатып алу- ды енгізу бойынша басқа іске асы- рылуда.

Қағаз тасығыштардағы жұмыс толығымен жойылады. Сатып алу- дың электрондық форматы кезінде Бірыңғай дистрибьютор қызмет- керлері мен әлеуетті өнім берушілер арасындағы тікелей өзара іс-қимыл толығымен алынып тасталады, бұл сатып арудың сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетеді, ал әлеуетті өнім берушілердің де, төндерлік комиссия мүшелерінің де әрбір іс- әрекеті жүйеде электрондық із қал- дырады.

2019 жылы сервистік қызмет көр- сетуді талап ететін медициналық бұйымдарды сатып алу да элек- трондық форматқа ауыстырылды. Қызметтерді сатып алу бойынша төндерлік рәсімдердің ашықтығын және транспаренттілігін қамтамасыз ету үшін Бірыңғай дистрибьютор

Facebook әлеуметтік желісіндегі өзінің ресми акаунтында негізгі төндерлік рәсімдердің онлайн көрсетілімін ұйымдастырады.

Сондай-ақ тегін берілетін қажетті дері-дермектерді жеткізу мерзімі мен күні туралы ақпаратты ұсынатын 1439 нөмірі бойынша байланыс орта- лығы жұмыс істейді.

Бақылау үшін нақты еңбек дері-дөр- мек науқастарға бірлескен жоба шең- берінде денсаулық сақтау Министр- лігі, ӘМСҚ, Республикалық электрон- дық денсаулық сақтау және «СК- Фармация» жобасы бойынша SMS- хабарлама тарату арқылы пациент- тердің мәліметтері көрсетілген ақпа- раттық жүйесі дері-дермекпен қам- тамасыз етеді. Жалпы тарату 3 млн. телефон нөмірін қамтитын деректер базасы бойынша жүргізілді.

Пациенттердің SMS-жіберіліміне жауап ретінде 2881 жауап келіп түсті. Осылайша, 441 пациент аталған препараттарды алмаған, 32 адам диспансерлік есепте тұрмаған және ешқашан тегін дері-дермек алмаған, тағы 10 пациентке жартылай дері- дермек берілді. Бұл жұмысты тұрақ- ты негізде жүргізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, медициналық ұйымдарда тегін дерілердің болуы бойынша бірыңғай электрондық анықтамалық іске қосылды. Ол интерактивті карта форматында орындалды, онда пациенттер өздері медициналық ұйым-дардың дерілік заттарға өтіміні бойынша барлық ақпаратты онлайн-режимде көре алады: медициналық ұйым іздеген препаратқа өтінім орналастыра ма, қандай мөлшерде және қандай кесте бойынша, сондай-ақ оның ағымдағы сәтте және келесі жеткізілімдердің жоспарланған мерзімдерінде болуы.

«Ақтөбе - адалдық алаңы» жобалық кеңсесі

СНЮС ДЕГЕНІМІЗ НЕ? НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЗИАНЫ ҚАНДАЙ?

Снюс - жастар мен жасөспірімдер арасындағы жаңа «сәнді» сигарета- лардың аналогы. Алайда «аналогы» дегенмен ол «зиянсыз» дегенді білдір- мейді. Снюс өте қауіпті, ол әдеттегі темекіден 7-10 есе улы және өте тез никотин тәуелділігін тудырады. Снюс- ке психикалық және физикалық тәуелділік әдеттегі темекі тәуелділігі- ғінен елдеқайда күшті. Түтінісіз темекіні пайдалану кезінде никотин мен басқа да заттар сілекейге бөлініп, бірден ауыз қуысының шырышты қабығы арқылы қанға түседі. Снюс- тегі никотин мөлшері темекінің құра- мына қарағанда бірнеше есе көп және бұл бала организмi үшін қауіпті доза- сы. Снюсті пайдаланудан бас тарту- шылым шегуден бас тартуға қараған- да елдеқайда қиынырақ.

ТҮТІНСІЗ ТЕМЕКІ ҚОЛДАНУДЫҢ САЛДАРЫ

1. Снюсті тұтынған кезде ең бірінші ауыз қуысының шырышты қабығы зақымданады, бастағы ауырлық, апатия, күрт сілекей бөлу және бас айналу түріндегі жағымсыз әсерлер пайда болады.
2. Ауыз қуысының, ұйқы безінің, өңеш пен өкпенің онкологиялық ауруларының дамуына әкелуі мүм- кін.
3. Түтінісіз темекіні ұзақ уақыт пай- далану парадонтоза, тістің бузылуы- на, ауыздан жағымсыз иістің пайда болуына, тахикардияға, гипертония,

Ойыл аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы

ЖАҢА ЗАҢ - ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР



Еліміздің тарихында алғаш рет «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Бұл – әрбір педагогтің әл-ауқатына тікелей қатысы бар нағыз тарихи оқиға. Өйткені, мұғалім тұлғасы білім беру үрдісінің негізгі түйіні. Әрине, бұл Заң мұғалімдерге жаңа мүмкіндіктермен қатар, зор жауапкершілік жүктейді, себебі білім берудің уақыт талабы мен заманауи экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін деңгейін қамтамасыз етуі тиіс тұлға – мұғалім.

Бүгін аудандық мәдениет үйінде Ойылдың мұғалімдері бас қосты. Бас қосудың арқауы – облыстық білім басқармасының бастамасы. Яғни, «Педагог мәртебесі» туралы Қазақстан Республикасының Заңын түсіндіру үшін Темір аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлнәр Нұртазина бастаған арнаулы топ келді. Топ жетекшісі жаңа жылдан бастап қолданысқа енгізілген төрт бағытты қамтыған 21 баптан тұратын заңның кейбір тұс-

тарына тоқталып, педагогтың мәртебесі мен әдебі туралы жан-жақты түсіндірді. Ал, топ мүшесі, еңбек ардагері, жерлесіміз Қиыбай Бақтарбаев әріптес ізбасарларын уақыт талабына сай еңбек етуге шақырса, Ақтөбе қаласындағы Ф.Оңарсынова атындағы №41 мектеп-гимназиясының директоры Айжан Оразалина жаңа заңның жас мамандарды қолдау туралы баптарына толық түсінік берді. Кездесу барысында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудандағы білім беру саласына қатысты соңғы жылдарғы жаңалықтармен бөліссе, аудандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрайымы Гүлмира Ізбағамбетова мұғалімдерді қолдау бағытындағы жұмыстарды жеткізді. Кездесу соңында арнаулы топ мүшелері қосымша білім беру ұйымдарының қызметі мен мұғалімнің жұмыс күні сияқты сауалдарға жауап берді.

КЕҢ САРАЙДАЙ
«КЕРУЕН САРАЙ»

КЕШЕ БЫЛТЫР ҒАНА ІРГЕСІ ҚАЛАНҒАН «КЕРУЕН САРАЙ» САУДА ҮЙІ ӨЗ ТҮТЫНУШЫЛАРЫНА ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ. БҮЛ ЖАҢА ЖЫЛДАҒЫ АШЫЛҒАН АЛҒАШҚЫ НЫСАН.



Дархан Айдаров кәсіпкерлікпен көптен айналысып жүрсе де, Ойылда екі-үш жылдан бері ғана өз дүкендерінің желісін ашқан еді. Ол тек саудамен шектелмей, өткен жылы сайдағы алма бағының жанынан жер алып, бау-бақша егуді қолға алып, төрт-төуір өнім жинады. Жаздай жерлестеріне таза, табиғи өнім ұсынды. Сауда үйінің де құрылысын қатар жүргізген жігіт міне, кеше кең сарайдай «Керуен сарайын» іске қосты. Сауда үйінің ашылуында сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің

төрағасы Сәрсенбай Аманғосов пен Ойыл селосының әкімі Сәндібек Дәулетқалиев жас кәсіпкердің ісіне сәттілік тілеп, ізгі лебіздерін білдірсе, Дарханның әкесі Қондыбай ағай «жақсыны көрмекке» келген көпшілікті көптен күткен қуаныштарымен құттықтады.

Дархан өзі болса, кеше бір күн бойы барлық саудаға 30 пайыз жеңілдік берілетінін жеткізді. Ігі тілекпен келген ағайындары шашуларын шашса, жұртшылық ақ дөмнен ауыз тиді.



Ойыл ауданы, Қараой ауылының тұрғыны, Асқар тау әкеміз Атшыбай Тіржановты 85 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз!

Жаны жомарт, көрсеткен көп үлгіні, Болған әр кез бар әлемнің бірлігі. Ең ардақты ақылшымыз – жан өке, Құтты болсын туған күнің бүгінгі. Әрбір істің болып әр кез басында, Тек жақсылық серік болды қасында.

Туған жердің жетістігі үшін де, Талай еңбек атқардыңыз расында. Қандай ғажап, өміріңіз өнеге, Отбасына болып дөйім кереге. Ешқашанда мақтануды білмедің, Жеңісіңіз жетсе де көк төбеге. Анамызбен мәңгі бірге болыңыз, Жамбыл жасы – жүзге тағы толыңыз.

Тарих болып қалары анық ұрпаққа, Ізгі тілекпен: балалары, келіндері, қыздары, күйеу балалары, немерелері, шөберелері, жиендері.

Жаратқанның бізге тартқан сыйлығы, Сіздей жанның бізге өке болғаны.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ойыл аудандық сотының төрағасы, әр айдың екінші және төртінші жұмасы күні, Ойыл аудандық сотында «Ашық есік» күнін өткізеді. «Ашық есік күні» шарасында азаматтар немесе заңды тұлғаның өкілдері қатысып, өз сауалдарын қоя алады. Сонымен қатар, аудандық сотта сот төрағасы әр жұмыс күні, жұмыс уақытында, сағат 09:00-12:30 және 14:00-18:00 аралығында жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларды қабылдау жүргізеді.

Ойыл аудандық сотының кеңсесі

КЕЛІСІМ-ШАРТ БОЙЫНША
ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 6-тарауының 37-бабының негізіне және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің талаптарын орындау мақсатында, Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі арқылы Атырау қаласындағы 41433-әскери бөліміне, 51051-әскери бөліміне, 41321-әскери бөліміне, Бейнеу ауданындағы 99116-әскери бөліміне, Ақтау қаласындағы 25744-әскери бөліміне, Ақтөбе қаласындағы 30238-әскери бөліміне, Нұр-Сұлтан қаласындағы 68665-әскери бөліміне және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Құрлық әскерлері десанттық шабуылдау әскерінің Алматы облысы Талдықорған қаласындағы 18404-әскери бөліміне сержанттық және сарбаздар құрамының бос лауызымдарына келісім-шарт бойынша әскери қызметке алуға. Қарулы Күштердің қатарына келісім-шарт бойынша әскери қызметке 35 жасқа дейінгі азаматтар қабылданады.

Келісім-шарт бойынша қызмет ету мерзімдері – 3 жыл, 5 жыл, 10 жыл және шектеулі жасқа дейін. Әскери қызметке азаматтарды қабылдамас бұрын, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі және облыстық департаменттен дөрігерлік сараптамадан, психолог маманының қабылдауынан өткізіледі. Сол мамандардың сынағынан сүрінбей өтіп, Қарулы күштер қатарында өз ісінші шебері бола алатын, моральдық, психологиялық ұстамды және дене дарлығы мықты әрі кәсіптік деңгейі жоғары азаматтар, конкурстық іріктеуден кейін, Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының негізінде келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабыл-

данады. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке құжаттарын рәсімдеу үшін Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келуі қажет. Тілек білдірген үміткерлерге қорғаныс істері жөніндегі бөліміне хабарласуларын сұраймыз.

Сонымен қатар, жоғары әскери оқу орндарына үміткерлердің құжаттарын қабылдау науқаны басталды. Атап өтсек, Ақтөбе қаласындағы Т.Бегелдинов атындағы Әуе Қорғаныс Құштерінің әскери институты, Алматы қаласындағы Құрлық Әскерлерінің әскери институты, Алматы қаласындағы Радио электроника және байланыс әскери – инженерлік институты, Ақмола облысы Шучинск қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы Кадет корпусы және Нұр-Сұлтан қаласындағы С.Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» Республикалық мектебі бар. Жоғарыда аталған әскери оқу орындарының бөріне қысқа мерзім ішінде тіімді оқу және сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасалған. 17-21 жас аралығындағы жастар қабылданады, оқу ақысыз. Курсанттарды мезгілімен киім, жатар орны, үш мезгіл тамағымен ақысыз қамтамасыз етеді. Оқу ғимараттарында кітапхана, дәрісхана, арнайы сыныптар, зертханалар, стадион т.б. жабдықталған. Әскери оқу орындарын толығымен бітіргеннен кейін офицерлік шенін алып 100% жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Мекен-жайымыз: Ойыл сел. Дәуленова №26. Байланыс телефондары: 8-(71332) 2-19-22

Ж.БИШӨКЕНОВА,
Ойыл ауданының
қорғаныс істері
жөніндегі бөлімінің
инспекторы.

МЕДИАЦИЯ -
ДӘСТҮРДІН ЖАНҒЫРУЫ

Өзінің құқығын қорғаймын деп сот табалдырығын аттайтын азаматтардың санында шек жоқ. Татулықты табыстың кілті санайтын қазақ елінде мұндай жағдайдың қалыптасуы түйткілді шешудің тың жолдарын іздеуге түрткі болғаны рас. Әсіресе бұл мәселеге Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асанов ерекше назар аудартып отыр. Өйткені болмашы нәрсені қаталға ғана зиянды дей алмаймыз. Оның салдары істі қарайтын сот органдары үшін де, екі тараптың жақындары үшін де ауыр соғады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының «Татуластыру: сотқа дейін, сотта» деп аталатын пилоттық жобасы азаматтар арасындағы татулықты дөріптеуді, дауекестікті азайтуды көздейді. Жүзеге асқанына көп уақыт өте қоймаса да, бұл жоба өзінің тиімділігін, қажеттігін қазірдің өзінде анық аңғартып үлгерді. Ашудың жетегіне еріп сотқа арызданған тараптардың басым бөлігі сот процесінің ұзақтығы мен қымбатқа түсетінін, ал татуласу ұтымды тәсіл екенін пайымдай бермейді. Екі жақ ашуға алдырмай, ақылға салса, кесім айтқаннан гөрі кешірімді болуға тырысса, соттасуға кеткен уақыт пен қаржы үнемделіп, жүйке шаршамас еді. Дауды бейбіт жолмен реттеп, татуласуға қол жеткізген тұлғалар түрлі сот сатыларына шағымданудан арылып, өздерінің алтын уақытын үнемдейтін, өзара жақсы қарым-қатынасын, сыйластығын сақтап қалатыны, талап қоюшымен төленген мемлекеттік баж сомасы қайтарылып, татуластыру рәсімдерін жүргізу нәтижесінде жасалған келісім тарап-

Е.АЛТЫБАЕВ,
Ойыл аудандық сотының
бас маманы,
сот отырысының хатшысы.

Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 360 шешімімен бекітілді

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН
САЙЛАУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

қ/с	Сайлау округінің нөмері мен атауы	Депутаттың фамилиясы, аты	Округке кіретін көшелермен елді мекендер	Қабылдайтын күні, сағаты	Қай жерде қабылдайды
1	№ 1 Шернияз	Мәмбетова Айсулу Кенесарықызы	Ойыл селосы Құрманғазин, Шернияз, Көкжар, Берсиев көшелері	Әр айдың үшінші жұмасы күні, сағат 15.00-17.00 аралығында	«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимараты
2	№2 Құрманов	Оралбаева Рая Сәтібергенқызы	Ойыл селосы Құрманов, Дәуленов, Ержанов,Аманкелді, Қойшығұлов, Екібаев көшелері	Әр айдың екінші жұмасы күні сағат 15.00-17.00 аралығында	«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимараты
3	№ 3 Масатов	Нұрбаев Сәндібек Мұхамбетжанұлы	Ойыл селосы Масатов, Қарағұлов, Оноприенко, Дүсіпов, Қлипанов, Төлебаев көшелері және Қаратал ауылдық округінің Құжмарған ауылы мен оның айналасындағы елді мекендер	Әр айдың бірінші жұмасы күні сағат 15.00-17.00 аралығында. Әр айдың екінші жұмасы күні сағат 15.00-17.00 аралығында	«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимараты, Соркөл негізгі мектебі директорының кабинеті
4	№ 4 Абай	Берғалиев Исатай Шаймерденұлы	Ойыл селосы Абай, Медетбаев, Желтоқсан, Жолмырзаев, Тапалов, Бақаев, Сәтпаев, Еркінов, Алтынсарин, Құрманғазы, Байғанин, Молдағұлов көшелері	Әр айдың бірінші жұмасы күні сағат 10.00-12.00 аралығында	«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимараты,
5	№ 5 Берсиев	Көздіғарин Берік Ерболұлы	Қаратал ауылдық округінің Қаратал ауылы мен ауыл айналасындағы елді мекендер	Әр айдың үшінші жұмасы күні, сағат 15.00-17.00 аралығында	Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ әкімі кабинеті
6	№ 6 Аманкелді	Жұмырбаев Берген Ертайұлы	Ойыл ауылдық округінің Екпетап, Жаңабаз, Қаратал ауылдық округінің Қарасу және Көптоғай ауылдық округінің Қарасу, Аманкелді ауылдары мен оның айналасындағы елді мекендер	Әр айдың бірінші жұмасы күні сағат 10.00-12.00 және сол күні сағат 15.00-17.00 аралығында. Әр айдың үшінші жұмасы күні сағат 10.00-12.00 және сол күні сағат 15.00-17.00 аралығында	Екпетап негізгі және Құрман бастауыш мектептері директорларының кабинеттері Қарасу негізгі және Аманкелді орта мектептерді директорларының кабинеттері
7	№ 7 Көптоғай	Жиеналин Еркін Жұмағазыұлы	Көптоғай ауылдық округінің Көптоғай, Шұбарши ауылдары және олардың айналасындағы елді мекендер	Әр айдың төртінші жұмасы күні сағат 10.00 -12.00 және сол күні сағат 15.00-17.00 аралығында	Құрман орта мектебі және Жақсыбайкөл негізгі мектебі директорларының кабинеттері
8	№8 Жекенді	Жақып Жұмабай Жарылғасынұлы	Сарбие ауылдық округінің Сарбие мен Қаракөл ауылдары және Көптоғай ауылдық округінің Бұлақ ауылы мен оның айналасындағы елді мекендер	Әр айдың екінші жұмасы күні сағат 10.00-12.00 және сол күні сағат 15.00-17.00 аралығында. Әр айдың төртінші жұмасы күні сағат 15.00-17.00 аралығында	Сарбие ауылдық округ әкімі кабинеті мен Қаракөл негізгі мектебі директоры кабинеті Көптоғай ауылдық клуб үйі
9	№ 9 Жетікөл	Хамзин Жақсылық Самиголлаұлы	Қараой ауылдық округіне қарасты елді мекендер	Әр айдың екінші жұмасы күні сағат 15.00-17.00 аралығында	Қараой ауылдық округ әкімі кабинеті
10	№ 10 Саралжын	Төремұратов Спартак Шеруенұлы	Саралжын ауылдық округінің Кемер, Қоңырат және Шикұдық ауылдары мен оның айналасындағы елді мекендер	Әр айдың екінші жұмасы күні сағат 10.00-12.00 аралығында. Әр айдың төртінші жұмасы күні сағат 10.00-12.00 және сол күні 15.00-17.00 аралығында	Саралжын ауылдық округ әкімінің кабинеті, Теректі негізгі мектебі директорының кабинеті
11	№ 11 Ақкемер	Қосдаулетов Ырызбай Телеуұлы	Саралжын ауылдық округінің Ақкемер және Ойыл ауылдық округінің Қаракөмер, Ақшатау ауылдары мен олардың айналасындағы елді мекендер	Әр айдың екінші жұмасы күні сағат 10.00-12.00 аралығында. Әр айдың төртінші жұмасы күні сағат 10.00-12.00 және сол күні 15.00-17.00 аралығында	Жамбыл мектеп-балабақшасы директорының кабинеті, Қаракөмер негізгі және Ақшатау орта мектептері директорларының кабинеттері